

## Кезектен тыс қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 10.12.2025

Өткізілген орны: ZOOM онлайн платформасы

**Қатысқандар:** Қамқоршылық кеңестің төрағасы Нұртай Алтайұлы Текебаев

**Мүшелері:** Машанова Самал Амангельдиевна  
Каримов Айбек Жоламанович  
Салимова Динара Бауыржановна  
Текебаев Нұртай Алтаевич  
Хусайнова Тойған Сериковна  
Куспаева Шолпан Насибуллиновна  
Кушкенова Эльмира Кайратовна  
Оразов Айдар Әділбекұлы  
Рашиден Тоғжан Арманқызы

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.Мырзашева

### Күн тәртібі:

1. Оқушылардың оқу процесі кезінде ұялы байланыс құрылғыларын пайдалануына шектеу қою және оларды жинау ережесін бекіту туралы.

### Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:

**Баяндамашы:** Директордың ТДЖО орынбасары Э. Мырзашева

**Тыңдалды:** Сонғы уақытта жаппай оқушылар арасында телефонға тәуелділікпен киберқылмыстың көбеюіне орай Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына (47-бап, 10-1) тармақшасы) сәйкес, оқушылардың оқу процесі кезінде (сабақ кестесі бойынша) ұялы телефондарды пайдалануға тыйым салыну керектігін атап өтті. Бұл талапты орындау және оқу сапасын арттыру мақсатында телефондарды сабақ басталмай тұрып (8.15-14.35) жинаудың нақты тәртібін енгізу ұсынды.

### Ұсынылған ережелер:

- Телефондарды жинауға кураторлар жауапты болады.
- Телефондарды сақтау үшін құлыпталатын арнайы жәшіктер (сейфтер) ұйымдастырылады.
- Телефондар сабақ аяқталғаннан кейін ғана оқушыларға қайтарылады.
- Шұғыл байланысу керек жағдайда ата-аналар кураторлар арқылы байланыса алады.


- Егер оқушы телефонды сабақ кезінде пайдаланса, ол тәрбие жұмысы бойынша қатаң шараларға тартылады.
- Егер оқушыға денсаулығына байланысты (мысалы, инсулин сорғысы) немесе басқа да дәлелді себептермен телефон қажет болса, бұл жағдайлар жеке қарастырылып, оқушыға арнайы рұқсат берілуі мүмкін.


#### Сөз сөйлегендер:

1. **Н.Текебаев:** Ұсынысты толығымен қолдады. Дегенмен, телефондардың сақталу қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңыздылығын ескертті.
2. **Э.Мырзашева:** Бұл ережелерді енгізудің мақсаты – балалардың қауіпсіздігін арттыру және оқу процесіне баса назар аударту екенін түсіндірді. Мектеп қауіпсіздік шараларын күшейтетінін мәлімдеді.

#### ҚАУЛЫ

1. Ұялы телефондарды жинау және сақтау бойынша мектеп әкімшілігі ұсынған тәртіп мақұлданып және бұл тәртіп мектептің Ішкі Тәртіп Ережелерінің құрамдас бөлігі ретінде бекітілсін.
2. Мектеп әкімшілігіне осы ережені ата-аналармен, оқушылармен және мұғалімдермен таныстыру, сондай-ақ телефондарды қауіпсіз сақтау үшін қажетті құлыпталатын жәшіктерді орнату міндеттелсін.

Төрағасы:  Н.Текебаев

Хатшы:  Б.Төлеген